



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

3. Әбсәттарұлы Ф. Ұлттық патриотизм – Жалын.-2011-№5-2-46.
4. Абдеш Қалмырзаев. Казахстанский Патриотизм. - Алматы: Ғылым, 2003.-460с
5. Есім Ғ.Қазақ елі-мәңгілік. Құраст:А.Құлсариева.-Алматы: Қазақ университеті, 2008.-240б.

УДК 337

ҚОҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ЖАСТАР МӘДЕНИЕТІНІҢ РӨЛІ

Татыханова Еркежан Бауыржанқызы

tatykhanova@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Ж.М.Макимбаева

Кемел келешегіміз саналатын ұрпақтың өсіп-өркендеуі – қоғам үшін маңызы зор құндылықтың бірі. Жастар - бұл мемлекеттің негізгі тірегі бола отырып, болашақта ел басқаратын ұрпақ өкілдері. Елбасымыз «Жастар – үкілі үміт, асқақ армандарымыздың жарқын көрінісі» деп, сенім артқан болатын.

Қазір бар күшті жастардың қазақша сөйлеуіне салу керек. Мемлекеттік тілді білмейтін студентті Президенттің Тіл туралы заңдарын орындамаған азамат ретінде танып, Қазақстан атынан шетелге жіберуді тоқтату керек. Бүгін қазақша сөйлемей тұрған қыз-жігіт басқа елге оқуға кеткен соң, мемлекеттік тілден мүлде қол үзеді. Өз тілін білмей, Президенттің заңдарын құлағына қыстырмай өскен жасты «Болашақ» бағдарламасынан қаржыландыру – сыпайылап айтқанда, өзімізді өзіміз мазақтағанымыз, турасына келсек – ұлттық қауіпсіздігімізді бәске тіккеніміз. Ұлттық тірегі қалыптаспаған қазақстандық талантты жастарды барған ел алдағы күні пайдалану үшін қармағына түсірмейтініне кім кепілдік бере алады? – Әрине, ешкім де. Қазақстан халқының көпшілігін құрайтын жастарды мемлекеттік тілде сөйлетпей, болашаққа үміт арту елес қуғанмен парапар, өйткені тілмен даритын ұлттық рух әлжуаз жерде жаһандандудың табанына тапталып, ұлттық әлеуетімізден біржолата айырылып қалуымыз ғажап емес. «Мен жастарға сенемін», - деген екен М.Жұмабаев. Содан бері көп жыл өтті. Заман өзгерді, заң өзгерді, орта өзгерді, адам өзгерді. Тамырсыздандыру саясатын бастан кештік, Батыстың әлем-жәлемі келді, есірткі, жезөкшелік шықты, жұмыссыздық, кедейшілік әлі сақталып отыр. Ойы онға, санасы санға ыдыраған жастарымыз жаһандану салмағына шыдамай, жігерін жасытып ала ма деген күдік бар.

Шынына келсек, дәл қазір жастар саясаты жөнге қойылмаған. Жастар ұйымдарының саны бар да, сапасы жоқ. Өміршең емес. Бүгін ашылып, ертең жабылып жатады. Ұлттық, елдік, мемлекеттік мәселелерді емес, жеке бастың мүддесін көздеуді мақсат еткендей. Тіпті жастардың өміріне, болашағына кері әсерін тигізетін, мысықтабандап келген «субмәдениеттің» республикамызда дамуына шектеу қоятындай, екшеп-текшейтін, қадағалап, тиімді-тиімсізін сараптап қадағалайтын арнайы заң жоқ. Батыстан келген ақпараттық тасқын, технократтық даму өз залалын тигізе бастады, қазақ ұлтына тән қасиеттерінің бәрін жалмап, жұтып барады. Бұрындары қазақ жастары «пирсинг» немесе «татуировка» таңбалап алмайтын, қазір бұл қалыпты жағдайға айналып барады.

Болашақ - жастардың қолында екенін еске алсақ, ойға қаяу түсетіні бар. Бұл жастардың арасында кең етек алған жаңа топтың қазақ қоғамында келіп жеткенін көз көріп жүр. Қоғамнан оқшау жүретін, өзгелерден өзгеше, өзіндік өмір сүру дағдысы бар, өздері өмір сүріп жатқан қоғамдағы мәдениетке наразы екендіктерін оғаш қылық пен бейтаныс бет-пердемен хабардар ететін жастардың белгілі бір тобы «субмәдениет» өкілдері бар. Олар суицидті, депрессияны насихаттағандай, үнемі психологиялық күйзелісте, ашумен жүретін көрінеді. Жыл санап ғылым-білімге ден қоятын жастардың саны азайып келеді.

Қарапайым халық арасынан субмәдениет өкілдерін ажырату оңай, мен мұңдалап, көзге шыққан сүйелдей көрініп тұрады. Имидждері мен жүріс-тұрысының өзінен-ақ айқын. Қазақ жастарының бұл мәдениетке қызығушылығы батыстың дағдысы, сән үлгілеріне, сонымен қатар әуендеріне қызығушылығынан пайда болған дүние. Қазір үгіт-насихаттың аздығынан ба, әйтеуір жас өркендер кімді үлгі тұтарын да ажырата алмағаны ма? Сүттей ұйып отырған қазақ елінде әр түрлі сырттан енген субмәдениеттердің кең қанат жаюына жағдай жасап, мүмкіндік бергеніміз соншалық, денелеріне арнайы таңба басып беретін жерлер көптеп ашылуда, әрине көздегені пайда табу, ал болашақты ойлап жатқан кім бар? Адам денесіне әртүрлі суреттер салу түрмеде отырған бұзақылардың, баскесерлердің ісі ғана көрінетін еді, ал қазір көзге көрініп тұратын денесіне жан түршігерлік бейнелер салу арқылы олардың мәдениетін ел арасында насихаттау қай жетіскендігіміз?

Біз өркениетті Жапониямен кибернетика саласында жарысқа түсе алмасақ, Ресей ғылымындай әскери құрал, қару-жарақ технологиясын жасауға шамамыз келмесе, бірақ түсті металл алу, шикізат өңдеу технологиясын игеру саласына келсек, Қазақстан ғалымдары әлем алдында өз сөзін еркін айта алады. Отандық ғылым мен технологиямыздың әлі де жолдарын ашу керек. Міне, сондықтан біздің ұлттық ғылым әлемдік ғылымда өз орнын алуы керек. Мұның бәрін дамыту, бүкіл әлемге көрсету қазіргі және болашақ жастарымыздың қолында емес пе?! Иә, ғылымды, білімді, мәдениетті қорғау – міндетіміз. Ол үшін жастардың ұлттық дәрежедегі саналы бірлігі қажет. Бұл істің басы-қасында болу ғылымға, білімге, мәдениетке, әдебиетке, халық ағарту ісіне жаны ашитын азаматтардың парызы деп ұғамын. [1, 32]

Келешегіміздің келбетті, болашағымыздың баянды болуы бүгінгі жастарға тікелей байланысты. Өйткені олар – «ертеңімізді жасайтын бүгінгіміз». Жастарға деген үлкен сенім мен зор үміттің артылатыны бесенеден белгілі. Елдің қуаты мен қозғаушы күші де – осы жастар. Сондықтан да жастардың сапалы білім, саналы тәлім-тәрбие алып, саламатты болып өсуі – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Ұлт көшбасшысы, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та біздерге, жастарға, ерекше сенім арта отырып, жастардың жағдайын жасауға баса назар аударады. Ел президентінің жыл сайынғы Жолдауларының басым бағыттары жастармен тікелей байланысты болуы, кез келген мемлекеттік маңызы бар стратегиялар мен мақалаларында, сөздерінде әркез өскелең ұрпақты тілге тиек етуі – соның айқын дәлелі.

Білім және ғылым министрлігінің жанында Елбасының тікелей тапсырмасымен Жастар саясаты жөніндегі Комитеттің, жергілікті жерлерде басқармалардың құрылуы, Жастар саясаты туралы мемлекеттік заңға өзгерістер мен толықтырулардың енгізілетіндігі, 2020 жылға дейінгі арнайы Тұжырымдаманың қабылданатындығы – көптің көңіліне медеу. Бұл жүрегі елім деп соққан әрбір жас қазақстандыққа қанат бітіретіндігі сөзсіз. Бұны Елбасының жастарға деген қамқорлығы деп білеміз.

Қазіргі уақыт адамзат биігін білекпен емес, біліммен бағындырудың заманы. Бүгінгі жас ұрпақ мұны анық сезініп, білім бұлағынан молынан сусындауға зейін қойып, өз күш-жігерлерін, білімдерін тәуелсіз елінің гүлденуіне жұмсау керек. Тәрбие мен оқу-білімді егіз дүние ретінде қарастырып, тәрбие арқылы берілетін білімнің болашағы әрқашан баянды болатынын назардан ешқашан тыс қалдырмасақ болғаны. Өркениет көшіне бет бұрған қыруар істің алатын арқауы болып есептелетін ғылыми-техникалық және экономикалық прогрестің негізгі қозғаушы күші білім десек, қателеспейміз. [2, 230-231, 342-343]

Елбасының жастарға арналған мына бір сөздері әр жас азаматтың санасында жаңғырып тұратыны анық: «...жастарға айтарым – сендер халықаралық кеңістіктегі бәсекелестік күрестен сырт қалмауға ұмтылыңдар. Ол үшін тиянақты білім керек. Сосын сол білімдеріңді өмірде жарата білуді, оны нақты пайдалана білуді үйреніңдер. Әсіресе не істеу керектігін жете түсінулерің қажет. Сонымен бірге, сендер қандай да бір өзгерістерге қашанда дайын тұруларың керек. Әйтпесе, ғаламдық деңгейдегі Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі әншейін бос сөз болып қалады».

Мақсат – айқын, міндет – біреу: ел еңсесін еселеу жолында аянбай еңбек етіп, білімнің

алтын қазығын игеру. Олай болса, Елбасының мығым әрі мықты, сындарлы да салиқалы саясатын қолдай отыра, ел игілігі үшін бар күш-жігеріміз бен білімімізді сала бермекпіз.

Н.Назарбаевтың сөзімен айтқанда, қазіргі уақыт адамзат биігін білекпен емес, біліммен бағындырудың заманы. Бүгінгі жас ұрпақ мұны анық сезініп, білім бұлағынан молынан сусындауға зейін қоюда. Жастар өз күш-жігерлерін, білімдерін тәуелсіз елінің гүлденуіне жұмсамақ. Елбасы қайсыбіреулердің қатаң сынына ұшыраған «Тілдердің үштұғырлығы» бағдарламасын ұсынды. Мұндағы негізгі мақсат — үшінші мыңжылдықта қарқыны жеделдей түскен жаһандану, шекара талғамайтын экономика-қаржы және, ақпарат, ағымдары заманында еңбек ресурстарының бәсекелестігін арттыру мәселесі көзделген болатын. Басқаша айтқанда, мұнда мемлекеттік тіл — қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі — орыс тілін және халықаралық тіл — ағылшын тілін халықтың неғұрлым көп бөлігінің меңгеруіне бағытталады.

Осы жерде ерекше назар аударатын нәрсе, мемлекет басшысының «тілдердің үштұғырлығы» идеясын бүкіл ұлттық идея-деңгейіне көтеру қажет. Неге десеміз, біріншіден, бұл идея халқымыздың болмысында ежелден-ақ бар «жеті жұрттың тілін біл» деген бағалау өлшеміне сай келеді; екіншіден, қазіргі бәсекеге негізделген өмірлік қағидалардың өзі, яғни жас ұрпақ буыннан осыны талап етіп отыр.

Білімнің негізінде болашаққа деген шынайы сенім мен үкілі үміт, өз халқына деген ізет-құрмет пен қадір-қасиет жатқанын Елбасы жақсы түсінді. Ол тәрбие мен оқу-білімді егіз дүние ретінде қарастырып, тәрбие арқылы берілетін білімнің болашағы әрқашан баянды болатынын назарынан ешқашан тыс қалдырмады. Өркениет көшіне бет бұрған қыруар істің алатын арқауы болып есептелетін ғылыми-техникалық және экономикалық прогрестің негізгі қозғаушы күші білім десек, қателеспейміз.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің негізгі мақсаты - жастардың бойында азаматтық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге, әлемдік және отандық мәдениет жетістіктерін оқып үйренуге, Конституцияға және қоғамға қарама-қайшы келетін әрекеттерге төзбеушілікке тәрбиелеу. Тәрбие қазіргі өзгермелі, сан салалы, көпмәдениетті, көпэтникалық үлкен өмірге енуге дайын қабілетті, тұлғаның дамуына бағытталған және рухани құндылықтарының негізінде құрылады. Тәрбие жұмысы — ол арнайы ұйымдастырылған қалыптастырушы үрдіс және ізгіліктілікті қабылдайтын, әлеуметтік құндылықтар мен азаматтық мінез-құлық үлгілері бола отырып, тек ғылыми негізделген тәрбие жүйесінің аясында ғана өзін іс жүзінде көрсетіп, өзін-өзі қалыптастырған тұлға үлгісіне жағдай жасайды.

Қазіргі уақыт талабы жаңаша дүниелік көзқарас тұрғысынан жаңаша ойлап, шешім қабылдай алатын, креативті ойлау қабілеті дамыған тұлғаны, өз елі мен жерінің, туған тілінің жанашырын дайындауды міндеттеп отыр. Бұл міндет жаңа уақыт талаптарына төтеп бере алатын, кәсіби білікті, бәсекеге барынша қабілетті, ұлтжанды азамат тәрбиелеу ісінің өзектілігін алға тартады. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы - әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол, сөзсіз, «ұрпақ қамы» деген ұғыммен үндеседі. Ел болу, мемлекет құру - сонау түркі заманынан бермен қарай желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман-аңсар.

«Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей, қазақ жастарын білімге бағыттадық. Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстанның болашағы бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол-деңгейде болады» деп атап көрсеткен. Еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті. Ендеше жастар еңбек жолына түскенде ғана қоғамын өрге бастыра алады. Отаншыл халық жастары болмаған елдің болашағы қараңғы. [3, 16-24]

Жаңа заман тәуелсіз ел мұраты - жастардың білімі мен біліктілікке талпынып әрекеттенуін, еңбектеніп өсуін талап етіп отыр. «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса,

азаматтық намысың болса, қазақтың мемлекетін нығайтып, көркеюі жолында терінді төгіп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі екенінді ұмытпа», - дейді Елбасы бір сөзінде.

«Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дер» демекші, жастар арасында қалыптасып отырған сан түрлі мәдени үрдістер мен үдерістердің ұлттық, рухани санамызға кері әсерін тигізбесін деген, ниетпен мемлекет тарапынан көптеген қолдаулар мен ұсыныстар жасалып жатыр. Осы жолдарды мемлекетіміздің берік нығаюы мен өркендеуі үшін қолдана отырып, жаңа технологиялар мен жетістіктерді игере отырып, өскелең ұрпаққа өшпейтін мұра қалдыру бүгінгі біздің қолымызда. Сондықтан, сенім мен талап барда талғамға қарай, болашақ үшін еңбек етсек, нұр үстіне нұр болар еді.

Қолданылған әдебиет

1. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (1 бөлім). – Алматы: Ғылым, 1998. - 326б.
2. Абжанов Х.М. Түркі әлеміндегі Қазақстан: Іргелі тарих және методология. – Астана, 2011.
3. Алтынбай Ш. Ел болашағы баланы ерте жастан тәрбиелеуден басталады. // Ұлт тағылымы. – 2002. – №4. – 16-24б.

УДК 398.93:37.013.42(574)

БИЛЕР СӨЗІ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАТЫНАСТАРДЫ РЕТТЕУШІ ФАКТОР РЕТІНДЕ

Төлеу Балкенже

balkenje-87@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ философия кафедрасының 2 курс магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Х. Данысбекова

Қазақ халқы – сөз қадірін өз қадірім деп біліп, кеңдігін де, елдігін де, кемеңгерлігі мен көсемдігін де сөзге сыйғызған. Оның тарихы да, тағдыры да, тәлімі мен тәрбиесі де, даналығы мен дала көңілі де сол сөзде жатыр.

Қазақ – «ат сүрінгенше» ақыл тапқан, ұшқыр ойды қастерлеген, ғасырлар бойы сөз мұрасын қорғаштап, сөз асылып жоғалтпай келген, ардақтысы да, аяулысы да сөз болған халық.

Қазақтың тілі сұлу, қонымды да толымды тіл. Сол кестелеп өріп, өлмейтін, өшпейтін ғажайыптар тудырды. Шешен сөз суырып салма ақындықпен туыстас.

Би – халықтың көкейіндегісін айтқан, көмейіндегісін жарыққа шығарған әділет жоқшысы.

Биді байлық та, барлық та жасай алмаған. Би тұғырына топты жарып, таразы басын тең ұстап, әділін, қара қылды қақ жарып айтқан кісі көтерілген. Би – табиғи дарын, асыл текті ақыл, арғыны көре білген көсем, ақпа-төкпе шешен.

Халық қамын ойлаған хандар болған. Елдікті сақтаған, ерлікті тудырған замандар болған. Өз Жәнібек, Өз Тәукеден, Абылайдан жеткен билік жүйесі болған. Халықта: «Түгел сөздің түбі – бір, Түп атасы – Майқы би» - деген сөз қалған.

Қазақтың атақты билері Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекеден қалған сөз дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес.

Билер жақсы мен жаманды, жақын мен алысты, қымбат пен разанды, қиын мен жеңілді алға тартады. Мал дауы мен жан дауы, ар дауы мен намыс дауына кесім айтады. «Тілмен түйгенді, тіспен шеше алмас» деген тұжырым жасайды. Сарандықты әжуалдайды, бата беріп, тілек қосады. Азалы қазаны естіртіп, көңіл айтады, жұбатады, тоқтам айтады.

«Сөз шынына тоқтайды, пышақ қынына тоқтайды» деп шындықтың туын көтерген «от ауызды, орақ тілді» билерді қастерлеген. Бейнелі, дәлелді, қисынды уәж айтқан. Билер